



Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 20 шілдедегі № 99 "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 248 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 желтоқсанда № 7843-15 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" 2023 жылғы 20 шілдедегі № 99 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7563-15 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Уәлиханов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімі

М. Абдулов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
жолаушылар көлігі және автомобильдік
жолдар басқармасы" коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Солтүстік Қазақстан облысы
Уәлиханов ауданының әкімі
2024 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 248 Қаулысына
қосымша
Солтүстік Қазақстан
облысы Уәлиханов
ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 20 шілдедегі
№ 99 қаулысына
қосымшасы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KTUL-100	Көктерек-Тоспа-Жасқайрат-Қайрат	85
2	KTUL-150	Қөбенсай ауылына кіреберіс	19
3	KCTUL-58	Қайрат-Кулыкөл	30
4	KTUL-76	Золотая Нива-Жарықопа	23
5	KTUL-84	Чехово-Молодая Гвардия	26
6	KTUL-355	Өндіріс ауылына кіреберіс	1,5
7	KTUL-336	Бидайық-Өндіріс Жұмысшы-Мырзағұл	35,2
8	KTUL-337	Көктерек-Қарамырза	12
9	KTUL-339	Қаратерек-Малқара	10
10	KTUL-340	Ақтүесай-Күзексай	8
11	KTUL-341	Кулыкөл-Қаратал-Береке	18
12	KTUL-342	Кулыкөл-Шолаксор	4,8
13	KTUL-56	Қондыбай ауылына кіреберіс	2
14	KTUL-343	Солтүстік Қазақстан облысының шекарасы-Ақмола облысының шекарасы	47
Барлығы			321,50